

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 842 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына және 43-1-бабының 1-тармағына с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаменті (С.В. Пономарев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) Осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми түрде жариялауды және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і н ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 5 қ а з а н д а ғ ы № 8 4 2

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға «Кірпі» арнайы құрылғысын қолдану тәртібінің нұсқамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 13 тамыздағы № 265 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 316 болып тіркелген);

2. «Қоғамдық бірлестіктердің көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда іс-шаралар өткізу кезінде ішкі істер органдары бөлімшелерінің қоғамдық тәртіпті сақтау мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 6 желтоқсандағы № 665 бұйрығы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1368 болып тіркелген және «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде» жарияланған, 2001 ж., № 13, ст.348);

3. «Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруды және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы № 103 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1797 болып тіркелген және «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде» жарияланған, 2002 ж., № 16, 575-құжат);

4. «Жол полициясының қызметін жетілдіру жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2005 жылғы 16 наурыздағы № 168 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3582 болып тіркелген);

5. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі № 548 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3893 болып тіркелген және «Заң газетінің» 2005 жыл 13 желтоқсандағы № 232 жарияланған);

6. «Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға «Кірпі» арнайы құрылғысын қолдану тәртібінің нұсқамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 13 тамыздағы № 265 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы № 7 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5605 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2009 жыл, № 7);

7. «Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруды және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы № 103 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 ақпандағы № 88 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6802 болып тіркелген және «Казахстанская правда» 31.03.2011 ж., № 109-110 (26530- 26531); «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 145-146 (26548), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2011 жылғы, № 12 (13.10.2011 ж.);

8. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2013 жылғы 26 қарашадағы № 536 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9037 болып тіркелген және «Егемен Қазақстан» 01.02.2014 ж. № 22 (28246); «Казахстанская правда» от 01.02.2014 г. № 23 (27643) жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК